Дарынды балаларға бағыт бере отырып, өзгешелігін көрсетуге және дамытуға мүмкіндігін ашуға жол сілтеу ұстаздың басты міндеті. Осы орайда оқушылардың даралығын дамытатын барлық құралдарды ұсына білген жөн.

Балалардың дарындылығын жүзеге асырылуы бірнеше факторларға тәуелді, яғни олар тек шарттарды ғана емес, сонымен бірге алға жетелейтін мүмкіндіктерді аша білу керек. Мұғалімнің мотивациясы да маңызды болып табылады – бұл баланың оқуға деген ұмтылысы мен бастамасын көрсетуге деген негізгі серпін. Адам бойындағы дарындылық – бұл данышпандық дәрежесімен ғана емес, сонымен бірге қажырлы еңбек пен өз бетімен жұмысын ұйымдастыра білетін қабілет, онсыз мұғалімнің дұрыс бағыты, ынталандыруы мен нұсқаулығы толыққанды болады деу қиын.

Кез-келген оқушының байқауға дайындығы-оның табиғи болмысы мен қабілетінің деңгейінен, бойындағы дарындылық мен мүмкіндіктерінен басталады. Содан кейін мұғалімнің жұмысы осы қасиеттердің барлығын ұштастыра отырып, ең тиімді жолдарын таңдаумен жалғасын табады. Алдыңғы қатарға ұстаздың біліктілігі, оқушының мүмкіндіктерін, көзқарасын, талғамын, төзімділігі мен еңбекқорлығын бағалау сатысынан басталады. Оқушының қабілетіне сай, ұтымды репертуарды таңдау, оның басым жақтарына назар аударып, барынша өнерін көрсете алатын тұстарын аша білу шеберлігі жатыр, яғни жан-жақты мүмкіндігін көрсетуге жол ашу басты мақсат болып қойылған абзал. Шығарманың ноталық мәтінін күнделікті жаттаудан бастап, оны сахнада жеке де, концертмейстермен бірге ансамбльде де виртуоздық орындауға жеткізу. Бұл мұғалім тарапынан да, оқушы тарапынан да көп уақытты, күш пен шыдамдылықты талап етеді.

Таңдалып, ұсынылған бағдарламаның эмоционалдылық жағы да өте маңызды. Ол үшін оқушы қарапайым динамикалық реңктерден бастап, эмоциялық жақтарын сезім арқылы білдіруге дейін шығарманың стилі мен сипатын дұрыс көрсетуі керек. Сондай-ақ, шығарманы техникалық, эмоционалды түрде орындауда ғана емес, сахнада көркемділігі мен де өзіндік бояуын көрсете білуі маңызды.

Домбыра орындаушылығында басты роль дәстүрлі күйге, қазақ халқының феномені болып саналатын-күй табиғатының орны үлкен. Осыған байланысты байқаулардың бағдарламасы сай, күйшілік мектептердің сақталуы, яғни стильдердің орнымен пайдаланылуы басты назарда болғаны жөн. Бұл мәселе бойынша ғалым, этномузикатанушы-Н.Ф.Тифтикидидің пікірінше: «Домбыра орындаушылығы 2 мектепке бөлінеді. 1-сі Батыс Қазақстан күй мектебі болса, 2-сі-Шығыс Қазақстан күй мектебі»- деп пайымдаған. Яғни Батыс Қазақстан домбыра мектебінің орындаушылығында қарқынды әуен мен әсерлі акценттер, шегелеп тартылатын қағыстар болса, Арқа мектебінің мелодизмі әндерге жақын, табиғатының әуезділігімен құлақты сүйсіндіреді. Шығыс Қазақстан домбыра мектебі деп отырғаны күй сипаттамаларына қарағанда, Арқа мектебі деп топтышалаудамыз.

Практикалық пайдаланылуы: Байқауға дайындау жұмыстарында баланың темпераменті мен мінез-құлықсының ерекшелігіне де мән берген жөн. Мінез – бұл адамның негізгі психикалық қасиеттерінің жиынтығы. Ол адамның іс-әрекеттерінде, әр түрлі өмірлік жағдайларда қалыптасады. Адамның өзін-өзі ұстауы, мінезін біле отырып, біз оның белгілі бір жағдайларда қандай әрекет жасайтынын және одан не күтуге болатынын болжай аламыз.

Мінез – туа біткен және өзгермейтін қасиет. Адамның дүниетанымы мен сенімі оның бойында белгілі бір мінез-құлық қасиеттерін дамытуға деген ұмтылысты, тенденцияны тудырады. Бірақ бұл тенденцияларға адам соған сәйкес үнемі және тұрақты түрде әрекет еткенде, яғни, әрқашан және барлық жерде тәртіпті (дисциплина) ұстану. Өнердегі музыканттардың басым бөлігі бала кезінен дисциплинаға жақын болады, себебі осы және басқа да қабілеттер арқылы белгілі бір нәтижеге, алдына қойған мақсатына қол жеткізуге болады. Оқушылардың мінезі, эмоциясының ролі мен қатар жас ерекшеліктеріне мән беру маңызды рөлге ие.

Осыған байланысты сайыстарды оқушылардың жас ерекшелігіне қарай талдап қарасақ, әрбір жаста байқауға қатысушының сахнаға шығуы, өзін-өзі жігерлендіруі әр деңгейде болады. Жалпы музыкалық өнердегі сайыс орындаушыны мына ерекшеліктерін шыңдайды:

- қатысушының орындаушылық өнерге деген қызығушылықтарын оятады және оны сүюге тәрбиелейді;
- музыкалық шығармалардың түр - түрімен таныстыру және мәнерлеу құралдарын

кеңінен қолдану арқылы олардың әсершілдігін дамытады;

- ән салу, музыкалық аспапта ойнау арқылы музыкалық қабылдауын және орындаушылық қабілетін, қарапайым музыкалық сауаттылығын қалыптастырады;
- алғашқы музыкалық талғамының дамуына түрткі болады;
- музыкаға деген шығармашылық көзқарасын тәрбиелейді;

Ұсыныстар: Ғалымдардың ұсынысы бойынша қарастырайық. А.А. Бочкарев байқауға дайындық кезінде және музыкалық жарыста өнер көрсетуде сайысқа түсуде мотивацияның, яғни ынталандырудың маңызы зор екендігін айқындайды. Кейбір қатысушылар үшін «мақсатты» мотивтер басым болуы мүмкін, мысалы, жүлделер алу және тағы да басқа, кейбіреулері үшін – «процессуалдық», яғни үдерістің қарқынды жүруі, сайысқа дайындық кезіндегі әсерлі кезең болып табылады. Күрделі бағдарламасына дайындалу процесі мен экстремалды сахналық сынақтан өту мүмкіндігін қажет етеді. Бұл жерде байқауға қатысу кез келген жағдайда жаңа кәсіби тәжірибе әкелетінін есте ұстап, бұл расында да оның негізгі мәні болып табылады. Ал сәттілік пен сәтсіздікке деген көзқарас тек байқауға қатысушының қабылдау ерекшелігі ретінде қарастырылады.

Г.М. Коганның пайымдауынша: тыңдаушы аудиторияны орындаушы музыканттың сахналық шеңберіне қосу керектігін, туралы айтып, халықпен байланыс орнату қажеттілігін алға тартады. Әртістіктің психологиялық аспектісін орындаушылық өнердің ажырамас құрамдас бөлігі ретінде қарастыру орынды, онсыз өнерпаздар мен тыңдаушылардың рухани байланысы кемде кем. Себебі, белгілі бір шығарманы әртістік шеберлікпен жеткізу, орындаушы мен тыңдаушы арасындағы эмоционалды байланысты орнатады. Музыкалық орындаушылық – адамның интеллектуалдық белсенді әрекетінің ең күрделі түрлерінің бірі. Орындаушы музыканттың сахнаға шығуы оның концертке дейінгі барлық жұмысының нәтижесі болғандықтан, музыкалық шығарманың сәтсіз фрагменттерін түзетуге ешқандай мүмкіндік жоқ. Жалпы осы орайда ғаламтор желісінің көмегі тиері сөзсіз. Себебі үздік орындаушылардың өнерлерін тамашалап, тыңдау арқылы оқушымен сараптау мен талдау жұмыстарын жүргізу тиімді. Яғни, орындаушылыққа қатысты барлық аппаратты ескерген жөн.

Қорытынды: Ұстаз болашақ мамандыққа деген сүйіспеншілігін, білімге деген құштарлығын, оқушылардың әр жетістігіне табандылықпен қараумен қатар, табысты байсалды бағалай білуді қалыптастыра алатын үлкен білім мен кең жүрекке ие тұлға, аталған қасиеттердің бойында болуы-оқушыны байқауға дайындауда баға жетпес қабілет болып табылады.

Ең алдымен, дарынды оқушыларға арналған оқу бағдарламасын әзірлеу принципі оқытуда ерекше рөл атқарады. Бұл үшін келесі критерийлерді бөлуге болады-саралау стратегиясы төмендегідей.

- 1) Жеке оқыту-оқушының орындаушылық деңгейі мен дайындығына сәйкес мазмұны мен қарқынның бейімдеу үшін қалыптастырушы бағалауды пайдалануды білуді;
- 2) Дұрыс таңдау – оқушыларға өздерінің тиімді жақтары мен өз қалауларын ескере отырып, қызығушылығына сай шығармалар мен күйлерді таңдауға мүмкіндік беру;
- 3) Дарындылығын жан-жақты ашатын, мағыналы тәсілдермен зерттеуге, құруға және өз көзқарасын білдіруге мүмкіндік беретін әртүрлі әдістерді қолдану білуі;
- 4) Икемділік пен таңдау-белсенділікті арттыру мақсатында өзіне ерік бере білу;

Сондай-ақ, оқушының бағдарлама таңдау барысында санасу, үлкен жетістіктерге жетуге деген ынтасын ескеру қажет. Техникалық мүмкіндіктерінің жоғарғы дәрежеде болуы да немесе тек баяу әуезділікке жақын болуы да, орындаушылықтың шыңы-сахнаға сәтті етіп шығуына әсері мол. Бұл жерде мінезі мен талғамына сай бағдарламаны таңдаған тиімді. Сайскердің қалауына сай бағдарламаның тағдалуы шығармалар мен күйлердің тез жатталуына, сахнаға «жарқын» етіп шығаруына септігі бар.

Осылайша, дарынды балалармен жұмыс істеу және оларды байқауға дайындау мұғалімнің үлкен жұмысы мен тәжірибесінен бастап, шығармалардағы өз жұмысымен және оқушының жетістіктерін жүзеге асыруға деген ұмтылысымен аяқталатын маңызды, күрделі ұйымдастыруды талап уақыт пен қажырлы еңбекті талап ететін шаралардың бірі. Әйгілі музыкант, педагог-Г.Г. Нейгауздың пікірінше: «Ұстаздың негізгі мақсаттарының бірі-оқушыларға өзін қажетті емес ететіндей деңгейге жеткізу», яғни сайыскер тәрбиесі,

сахна өнерпазы болып өмірде тұрақтану ұстаздықтың ең қиын, сонымен қатар ең қызықты үдерістердің бірі.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Н.Ф. Тифтикиди «Проблемы музыкального творчества и композиторского творчества», Москва-1992 ж., сборник научных трудов, 228 б.
2. Теплов Б.М. Проблема одаренности. Совесткая педагогика, № 4-5, 1940.;
3. Теплов Б.М. Способности и одаренность. Ученые записки Гос. Института психологии, том II, 1941.
4. 17 Теплов Б.М. Психология. Учебник для средней школы. М.: «УЧПЕДГИЗ», 1953. – 121 с
5. Лезедова Н. В. О психологической подготовке музыканта-исполнителя к конкурсному испытанию // Царскосельские чтения №14, Том IV, 2010. – 288 с.
6. Коган Г.М., У врат мастерства. Работа пианиста. М.: изд-во: Музыка, 1969. – 341 с.
7. Федорова А.Г. К вопросу о преодолении сценического стресса // Музыкальная психология и психотерапия. 2007. № 3.
8. Абдугаппаров А.А. «Психологические основы педагогической деятельности музыканта-исполнителя в консерватории.» // Проблемы современной науки и образования. – №1(170). – М., изд. ООО «Олимп», 2022. ISSN 2413-4635.
9. <https://nsportal.ru/shkola/muzyka/library/2022/08/23/pedagogicheskie-printsipy-g-g-neygauza>

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Ибраева Улбосын Умурзаковна
ағылшын тілі пәні педагогі, педагог -шебер
Т. Жүргенов атындағы №70 мектеп-лицейі Астана қ.

Аннотация

Мақала ағылшын тілі сабақтарында оқу сауаттылығын қалыптастыруға арналған. Автор, оны оқушыларға мақсатқа жету үшін мәтіндерді талдауға және пайдалануға мүмкіндік беретін функционалдық сауаттылықтың негізгі компоненті ретінде қарастырады. Оқушылардың сауаттылығының орташа деңгейін көрсететін PISA деректері келтіріледі. Мәтіндермен жұмыс істеу: түсініктеме оқу, жасырын мағыналарды талдау, болжау әдістері ұсынылған. Қазіргі қоғамда өмір сүруге қажетті дағдыларды дамытуда педагогнің және пәнаралық тәсілдің рөлі атап өтіледі.

Тірек сөздер: оқу сауаттылығы, функционалдық сауаттылық, ағылшын тілі, мәтінді талдау, оқыту әдістері.

Аннотация

Статья посвящена формированию читательскую грамотность на уроках английского языка. Автор рассматривает его как основной компонент функциональной грамотности, позволяющий учащимся анализировать и использовать тексты для достижения цели. Приводятся данные PISA, отражающие средний уровень грамотности учащихся. Предлагаются методы работы с текстами: чтение пояснений, анализ скрытых смыслов, прогнозирование. Отмечается роль учителя и междисциплинарного подхода в развитии навыков, необходимых для жизни в современном обществе.

Ключевые слова: читательская грамотность, функциональная грамотность, английский язык, анализ текста, методы обучения.

Кіріспе. Функционалдық сауаттылық – ақпаратты түсінуді, түсіндіруді және пайдалануды қамтитын қазіргі заманғы адамның негізгі дағдысы. Білім беру тәжірибесінде оқу сауаттылығы ерекше маңызға ие болады, ол қажетті дағдылар арқылы қалыптасады. PISA халықаралық зерттеуінің деректеріне сәйкес, Қазақстан математикалық және

жаратылыстану-ғылыми сауаттылық бойынша орташа нәтижелер көрсетіп отыр, бірақ оқу сауаттылығын дамытуда қиындықтар көріп отыр. Осы мақаланың мақсаты – оқыту құралы ретінде пайдалана отырып, ағылшын тілі сабақтарында функционалдық сауаттылықты дамыту әдістерін қарастыру.

Міндеттері:

- оқу сауаттылығының теориялық негіздерін талдау;
- ағылшын тілі сабақтарындағы мәтіндермен жұмыс істеу әдістемелерінің сипаттамасы;
- оқу практикасында осы әдістемелерді қолдану нәтижелерін ұсыну.

Белгілі психолог және лингвист А.А. Леонтьев атап өткендей, функционалдық сауаттылық адамның алған білімін түрлі қызмет, қарым-қатынас және әлеуметтік қатынастар салаларындағы өмірлік міндеттердің кең спектрін шешу үшін пайдалану қабілетін білдіреді [1]. Бұл адамға қоғамда табысты жұмыс істеуге ғана емес, сондай-ақ қазіргі әлемнің өзгермелі жағдайларына бейімделе отырып, тұрақты дамуға мүмкіндік беретін негізгі дағды. Білім беру контекстінде функционалдық сауаттылық білім алушылардың өз бетінше оқу және практикалық міндеттерді шешу үшін қажетті дағдыларын қалыптастыруға негіз болады.

Балалардың мәтіндерді түсіну әлемнің барлық елдерінде үлкен мәселе болып отыр. PISA 2022 деректерін талдау қазақстандық оқушылардың математика бойынша орташа балы 425-ті құрағанын көрсетті, бұл ЭЫДҰ елдерінің орташа балының 90%-ын құрайды (472). Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық бойынша көрсеткіш 423-ке жетті, бұл орташа көрсеткіштің 87%-ын құрайды (485). Оқу сауаттылығы неғұрлым проблемалы болып шықты - 386 балл, бұл ЭЫДҰ-ның орташа деңгейінің 81% (476) ғана сәйкес келеді.

Атап айтқанда, Қазақстандық оқушылардың 61% мәтінді түсінуде қиындықтарға тап болады. Өңірлер арасында ең жоғары нәтижелерді Астана мен Алматы қалаларының оқушылары, ал ең төмен нәтижелерді Түркістан облысы көрсетті. Әлеуметтік-экономикалық топтар арасындағы алшақтық 8,7%-ды құрайды, бұл ЭЫДҰ бойынша орташа алшақтықтан төмен (19,7%). Қыздар оқудан 6,9% -ға озады, ал математикада айырмашылықтар аз (1,5%) [2].

Функционалдық сауаттылықтың келесідегідей түрлері бар:

- оқу сауаттылық;
- математикалық сауаттылық;
- жаратылыстану-ғылыми сауаттылық;
- қаржылық сауаттылық;
- креативті ойлау;
- жаһандық құзыреттер.

Бұлардың ішінде оқу сауаттылығы ерекше орын алады. Бұл адамның жазбаша мәтіндерді түсіну және пайдалану, өз мақсаттарына жету үшін олар туралы ойлану қабілеті; өз білімі мен мүмкіндіктерін кеңейту, әлеуметтік өмірге қатысу.

Мәтінді түсіну – мектепте дамитын негізгі дағды. Баланы деректерді қабылдауға және талдауға үйрету үшін әртүрлі ақпарат көздеріне: графиктер мен диаграммаларға, бейнелер мен суреттерге, комикстер мен фотосуреттерге, педагогнің әңгімелері мен дыбыс хабарламаларына – бір сөзбен айтқанда, түсінуге болатын кез келген дереккөзге жүгіну маңызды. Ол үшін оқу сауаттылығы қажет [3].

Мәтіндерді түсінуде қиындықтарға тап болған бала оқуда қиындықтарға тап болады, өйткені мәтін ауызша немесе жазбаша түрде кез келген тапсырманың негізінде жатыр. Сондықтан, оқу сауаттылығы - бұл барлық мектеп пәндерінде оқу сауаттылығы бойынша тапсырмаларды пайдалана отырып қалыптастыратын метапредметтік білік екенін атап өту маңызды.

Оқу сауаттылығы, өз кезегінде, функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың маңызды бағыттарының бірі болып табылады, ал ағылшын тілі оқулықтарындағы мәтіндердің алуан түрлілігі педагогте сабақтарда мәтіндік материалдармен жұмыс істеудің түрлі тәсілдерін пайдалана отырып, оқу сауаттылығын қалыптастыруға мүмкіндік береді [4].

Әдістеме. Осыған байланысты ағылшын тілі сабағында мәтіндермен жұмыс істеу бойынша бірнеше әдістер әзірлеуге болады.

- Қарапайым мәтіннен бастау.

Баланы мәтіндегі ақпаратты түсінуге үйрету үшін көптеген тәсілдер бар. Бірақ алдымен механикалық оқуды дамыту, осы дағдыны біртіндеп автоматтандыру маңызды. Баланың жеткілікті түрде шоғырлану керектігін ескерсек, бұл мүлдем оңай міндет емес: жолдың соңына қарай көзімен қарау немесе сөйлемнің басталуын ұмытпау.

Сондықтан ең алғашқы мәтіндер – бұл ең қарапайым, бала үшін қолайлы, жас өлшемдеріне бейімделген мәтіндер. Егер білім алушыға мәтінді оқу қиын болса, оның ойлауға күші жетпейді.

- Суреттерді ұзақ мәтіндердің орнына пайдалану.

Бастауыш мектеп балаларына тіпті мәтіндерді емес, комикстерді немесе графикалық әңгімелерді ұсынуға болады. Бұл да мәтінді түсінуге көмектеседі және баланы оқу кезінде қызықтырады.

- Түсініктеме оқу.

Шығармамен таныса отырып, түсініктеме берілген оқуды пайдалануға болады. Педагог оқушыны үзіп, қандай да бір сөзді, сөйлемді, кейіпкердің ойын қалай түсінгені туралы сұрауы, оқылғандарын талқылауы мүмкін. Оқушы өз ойларымен бөлісіп, контекст бойынша сөз тіркесін түсінбесе де, педагог оны әрқашан дұрыс ойға алып келетінін білуі маңызды. Мәтіндегі ақпаратты нақты түсіну осылайша дамиды.

- «Жолдар арасын» оқуға үйрету.

Оқу барысында оқушылардан кейіпкерлерге не болып жатқанын сұрап, оқылғандарды талқылап, балаға бәрі түсінікті екеніне көз жеткізуге болады. Мысалы, кейіпкер не сезінеді, қандай сөздер немесе жағдайлар алаңдаушылық туғызды және неге? Осылайша балалар кейіпкерлердің сезімдерін, ойларын, олардың мотивтерін түсінуге, сондай-ақ интерпретациямен жұмыс істеуге үйренеді.

- Стандартты емес сұрақтар қою.

Бала өзіне жеткізуге тырысып жатқанның бәрін түсінеді ме? Оны қалай тексеру керек? Жалғыз нұсқасы – жағдайға бейімделген стандартты емес сұрақтар қою, оқылған және қаралған сұрақтарды талқылау. Мысалы, фильм негізінде не туралы сабақ болатынын болжау, фильмдегі заттардың қандай да бір қасиеттерін ажырату немесе кейіпкерлердің қандай себептері бар екенін талқылау.

- Кілт сөздері жоқ мәтін.

Балалардың өткен сабақта педагогның сөйлеген сөзін қаншалықты мұқият тыңдағанын тексеру үшін оларға сабақтың тақырыбы бойынша негізгі сөздерді – зат есімдерді ғана емес, сонымен қатар етістіктерді, одақтарды да өткізіп алған мәтінді беруге болады. Мұндай тапсырмалар оқушының оқу сауаттылығын қалыптастыруға «жұмыс істейді» және сонымен бірге сабақтың лексикасын тексереді.

Практикалық қолдану. Оқу сауаттылығын дамытуға бағытталған әдістемелерді енгізу ағылшын тілі сабақтарында елеулі нәтижелер көрсетті. Жүргізілген зерттеу деректері бойынша, оқушылардың 78%-ы мәтіндерді сенімді қабылдап, талдай бастады. Бұл олардың мәтіннің негізгі идеясын тез түсіну, түйінді бөлшектерді бөліп көрсету және ақпаратты түсіндіру қабілетінен көрінеді. Мұндай прогресс ағылшын тіліндегі мәтіндер көп жағдайда терең түсінуді талап ететін күрделі лексика мен ерекше конструкцияларды қамтитын жағдайларда ерекше маңызды.

Ұсыныстар. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін:

- мәтінді талдау әдістерін қосу – түсініктеме берілген оқу, түсіндіру, болжау;

- оқушылардың жасын және даярлық деңгейін ескере отырып, бейімделген бағдарламалар әзірлеу;

- пәнаралық өзара іс-қимылды ұйымдастыру – ағылшын тілі бойынша тапсырмаларды басқа пәндермен ықпалдастыру;

- әлеуметтік-экономикалық қорғалмаған топтарға ерекше назар аудару - материалдарға қолжетімділікті, қолдау мен уәждемені қамтамасыз ету.

Қорытынды. Осылайша, оқу сауаттылығын қалыптастыру арқылы педагог оқушылардың мотивациясын арттыруға, олардың ой-өрісін кеңейтуге, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, қазіргі заманғы әлемнің құндылықтарын түсінуге көмектеседі.

Ағылшын тілі сабақтарында мәтінмен жұмыс істеудің түрлі тәсілдерін пайдалану аударма мен сұрақтарға берілген жауаптарға негізделген мәтінмен жұмысты әртараптандыруға ғана емес, сонымен қатар функционалдық сауаттылық бағыттарының бірі болып табылатын оқу сауаттылығын қалыптастыру тәсілдерінің бірін іске асыруға мүмкіндік береді. Осының бәрі тұлғаны үйлесімді дамыту және қоғаммен одан әрі өзара іс-қимыл жасау үшін қажет.

Пайдаланылған көздер тізімі

1. Леонтьев А.А. Педагогика здравого смысла. М.: Баласс, 2003.
2. Ұлттық есеп PISA-2022 зерттеуіндегі Қазақстан нәтижелері. https://www.gov.kz/uploads/2024/6/6/e2384438c722c699b43a0f0a7a2356f0_original.5344623.pdf
3. Саидова Д.В. Методы и приемы работы с текстом на уроке английского языка. 2022. https://solncesvet.ru/opublikovannyye-materialyi/metody-i-priemy-raboty-s-tekstom-na-urok.7531037/?utm_source=chatgpt.com
4. Формирование читательской грамотности на уроках английского языка. <https://iyazyki.prosv.ru>

КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ОҚУ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

И.А.Ибрайымов,

**Түлкібас аудандық білім бөліміне қарасты «Ә.Молдағұлова атындағы
жалпы білім беретін мектеп» мемлекеттік мекемесі
Түркістан облысы, Түлкібас ауданы, Жабағылы ауылы**



Әдістемелік жинақ оқушылардың жинақтаушы білім білік, дағдысын анықтауға мұғалімдер үшін ұсынылған, сабақта пайдалануға болады.

Методический сборник рекомендуется учителям для определения накопленных знаний и умений учащихся и может быть использован на уроках.

Кіріспе

Қазіргі талапқа сай оқу мен оқытуда оқушылар білімін тексерудің рөлі зор. Ол оқушылар білімінің деңгейін көрсетеді, қай жерден кемшілік кеткенін анықтауға болады және одан әрі оқу- тәрбие үдерісін жетілдіру жұмыстарын жоспарлауға негіз болып табылады. Оқушылар білімін тексерудің негізгі міндеті - оқушылар білімін бақылау, сараптау және бағалау. «Критериалды бағалау оқу мен оқытудың қайнар көзі» тақырыбындағы әдістемелік жинақ (қазақ тілінде білім

беретін) 5-6-7-сыныптардың «Қазақстан тарихы» пәні бойынша оқу бағдарламасы мен оқу жоспарының негізінде дайындалған. Бөлім ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалаудың тапсырмалары мұғалімге оқушылардың тоқсан бойынша жоспарланған. Оқу мақсатына жету деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Әдістемелік ұсыныстарда бөлім ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалауды өткізуге арналған бағалау критерийлері мен дескрипторлары бар тапсырмалар ұсынылған. Дескрипторлары мен балдары бар тапсырмалар ұсыныс түрінде берілген. Әдістемелік ұсыныстарды дайындау барысында ресми интернет - сайттағы қолжетімді ресурстар (суреттер, фотосуреттер, мәтіндер, аудио және бейнематериалдар) қолданылды. Тоқсан бойынша жиынтық бағалауда әртүрлі тапсырмалар: көп жауапты таңдауы бар сұрақтар, қысқа/толық жауапты қажет ететін сұрақтар қолданылады. Көп таңдауы бар сұрақтарда бірнеше жауаптардың ішінен бір дұрыс жауапты таңдап алады. Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтарға сөздер немесе қысқа сөйлемдер түрінде жауап береді. Толық жауапты қажет ететін сұрақтарда білім алушылар орындаушылық және шығармашылық дағдыларын көрсетеді.

Берілген нұсқа көп таңдауы бар және қысқа/толық жауапты қажет ететін

сұрақтарды қамтитын 10 тапсырмадан тұрады. Әдістемелік жинақ мұғалімдерге 5-7 сынып оқушыларына Қазақстан тарихы пәні бойынша жиынтық бағалауды жоспарлау, ұйымдастыру және өткізуге көмекші құралы ретінде құрастырылған.

Әдістеме.

Қазақстан тарихы пәнінің білім мазмұнын жаңартып, сапалы білім мен саналы тәрбие беру, әр сабақты ұтымды ұйымдастыру ұстаз қабілеті мен шеберлігіне тікелей байланысты. Критерий сөзінің өзі — қандай да бір нәрсеге қойылған талаптарға сәйкестігін бағалау жөнінде шешім қабылдау белгісін, негіздемелерін, ережелерін білдіреді. Критериалды бағалаудың негізгі принциптерінде оқу тапсырмасын орындау нәтижесі қалай дұрыс көрінуі керек екендігі туралы нақты түсінік беріледі, ал бағалау оқушының осы мақсатқа жақындау дәрежесін анықтау шкаласы болып табылады. Сонымен қатар критериалды бағалау формативті және жиынтық бағалау деп екіге бөлінеді. Формативті бағалау — сабақта және үйде күнделікті жұмыс барысында білім мен дағдыларды меңгерудің ағымдағы деңгейін анықтау, оқыту процесінде оқушылар мен мұғалім арасындағы жедел өзара байланысты жүзеге асыру. Ол оқушыларға жаңа материалды зерттеу кезінде тапсырмаларды қаншалықты дұрыс орындағанын және оқытудың мақсаттары мен міндеттеріне жететінін түсінуге мүмкіндік береді. Жиынтық бағалау — оқу ақпаратының белгілі бір бөлігін оқып, аяқтағанда білім мен оқу дағдыларының қалыптасу деңгейін анықтайды.

«Критериалды бағалау оқу мен оқытудың қайнар көзі» тақырыбындағы әдістемелік жинақта бөлім ортақ тақырып бойынша жиынтық/тоқсандық бағалауды өткізуге арналған бағалау критерийлері мен дескрипторлары бар тапсырмалар ұсынылған. Дескрипторлары мен балдары бар тапсырмалар ұсыныс түрінде берілген. Қазақстан тарихы пәнінен құрастырылған жиынтық тапсырмалары оқу үдерісінде белсенді пайдалану.

Мақсаты:

орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптама жасау саласында педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру.

Зерттеу бөлімі

5-6-7 - сыныптардың Қазақстан тарихы пәнінен құрастырылған әдістемелік көмекші құралдың оқу үдерісінде тиімділігі көрсетті. «Жаңартылған білім беру мазмұнын барысында тарих сабақтарында инновациялық технологияларды қолдану арқылы оқушылардың қызығушылықтарын арттыру» әдістемелік- көмекші құрал оқу үдерісінде пайдаландым.



Практикада қолдану

Критерийлер бойынша бағалау оқушының нақты білім алуына әсер ететінін тәжірибеден өзім байқадым. Әдетте сыни тұрғыдан ойлау – деген сөзді қарапайым немесе мамандығы басқа, өзге адамдарға әңгімелесең, олар бұл сөздің мағынасын басқаша ойлауы әбден мүмкін. Яғни, белгілі бір затты немесе біреудің айтқан уәжін «сынап тұр» - деген пікірде болуы заңдылық. Себебі, бұрын мұндай сөз мағынасы біржақты ғана мәнге ие болған. Бүгінгі «сыни» сөзі мүлде басқа ұғым, басқа ойда, басқа мағынада. Сыни тұрғыдан ойлау «ойлау туралы ойлану»-деп ұғындырылады. (Мұғалімге арналған нұсқаулық) Сыни тұрғыдан ойлау – белгілі бір маңызды мәселелерді пікірлесіп, бірлесіп талқылау, сонымен бірге болған оқиға мен іс – әрекеттерді ой елегінен өткізіп, өзіндік баға бере алу. Сыни тұрғыдан ойлау – ұстаздар үшін Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын ең басты ой. Бұл модуль ұстаздың да, білім алушының да сыни тұрғыдан ойлауды дамыта отырып, іс-оқиғаны саналы түрде және оймен қабылдауын көздейді. Сыни тұрғыдан ойлау модулін оқығанда, біз оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер, оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау, талантты және дарынды балаларды оқыту, оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес оқыту және оқу модулдерін қоса қамтимыз. Себебі, осындай жаңа әдіс-тәсілдерді өз сабақтарымызға кіріктірмесек, формативті бағалауды, яғни оқыту үшін бағалауды қолданбасақ, дарынды оқушыларға сараланған

тапсырмалар бермесек, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес психологиялық ахуалын зерттемесек онда сыни тұрғыдан ойлау модульін біз толық кіріктіре алмаймыз. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету модульі мақсатты іске асуы үшін, мұғалімнің өзі сыни тұрғыдан ойланып, белгілі бір кезеңге немесе өзі оқып танысқан материалдарға оймен бақылау жасап, тәжірибеден өткізіп, сол төңіректе тереңірек ойлап, талқылау арқылы, нақтыланған ақпаратты ойлап, бағалап, талдап, нәтижесінде өз өміріне пайдалана алу. Мұғалім өз сабағында өтілген тақырыпқа байланысты оқушыларды сол тақырып жайлы терең ойлап, өзіндік баға бере алып, талдау жасап, қажет болған жағдайда өз өміріне пайдалана алуға үйреткені абзал. Мұндай жеке ой қорытындылап, ішкі уәждің қалыптасуы, оқушының алдағы уақытта жасалуы тиіс өз іс-әрекетінің негізі етіп алуына ықпал ету. Сыни тұрғыдан ойлау – оқушылардың белгілі бір ақпаратқа, өз пікірін ашық білдіре алуы, сол ақпаратқа сай өз шешімін жасауы, терең ойлауы, жаңалықтарға дайын болуы, адамдармен қоғамдасуда көшбасшылық танытуы, өзгелерді де сыни тұрғыдан ойлауға бағыттап алуын білдіреді. Сыни тұрғыдан ойлау үдерісінің негізгі деңгейі: * дәлелді ақпараттар жинауды * сол дәлелдерге сыни тұрғыдан талдау мен бағалауды * дәлелге сай шешімдер мен жинақталған қорытындылар * дәлелдерді кең көлемде ұйымдастырылған тәжірибе негізінде қайта сұрыптап, талдау. Сыни тұрғыдан ойлаудың маңызы, тақырыпты негізге ала отырып, өзгелердің сол тақырыпқа байланысты жасаған тұжырымдамаларын тыңдап, талдау арқылы дәлелдер жинап, шешім шығару және ол атүсті болмас үшін талапқа сай өлшемдерді қолдану.

Ұсыныстар

Бұл жерде критериалды бағалау технологиясының артықшылықтарымен қатар, осы жүйенің кейбір қиын жақтарын атап өтуге болады. Ең бастысы, оқушылар мен мұғалімдер сөзсіз өздерін осындай жүйеге бағыттап, сабақ өткізу және оқушылардың білімін бағалау, белгілі бір жаңа тест тапсырмаларын дайындау кезінде әдеттегі көзқарастарын өзгертуі керек. Критериалды бағалаудың барлық кезеңдерін сақтаған жағдайда, бейімделу кезеңінің күрделілігі оқушылардың білім сапасын көтеру арқылы өтеледі. Мұндай бағалау жүйесі қанағаттанарлықсыз бағаларды жояды. Білім беруді бағалаудың дәстүрлі бес балдық жүйесі табиғи түрде объективті, бірақ білім беру жүйесінің әдіснамасын дамытудың қазіргі жағдайларында одан әрі әдістемелік жетілдіруді қажет етеді. Оқушы әрі қарай дамып, білімін жетілдіре түсіп, білімді игеруде шығармашылықпен жұмыс істеуі қажет. Егер мұғалім оқушылардың одан әрі шығармашылық өсуіне ынталандыру болмаса, онда бұл таным процесіне кедергі келтіреді, сондықтан жоғары балл қою арқылы оқушыларды ынталандырған дұрыс. Мысалы, егер біз дәстүрлі бес балдық бағалау жүйесін жүз баллға теңесек, онда белгілі бір тақырыпқа шығармашылықпен қарайтын оқушылар үшін, проблемаларды шешуі және тағы көптеген ізденістер жүргізгені үшін жүзден астам балл қоюға болады, бұл оқушыларға үлкен ынталандыру болып табылады. Атап айтқанда, оқушылардың «рефлексиясын» дамыту қажет, яғни біз берген немесе ұсынған ақпараттарды оқушылардан қайта сұрау арқылы түсінген және түсінбеген тұстарын білуге, шығармашылық деңгейін анықтауға арналған. Сонымен қатар, белсенді қатысуды оқушыларға үйрету керек. Критериалды бағалау жүйесі нормативтік жүйе болып табылады. Бұл жүйе оқушылардың білімін бағалауға ғана емес, сонымен бірге оқушының жеке қасиеттерін дамытуға, жастардың дарындарын ашуға, қоршаған ортамен дұрыс қарым-қатынас орнатуға, білімдерін жетілдіруге бағытталған. Қорыта келгенде, критериалды бағалау жүйесі — бұл профессор-оқытушылар құрамымен келісілген әрі білім беру бағдарламасының мақсаттары мен мазмұнына сәйкес оқушылардың құзыреттілігін жеке дамытуға бағытталған нақты жүйе болып табылады.

Қорытынды

Бағалауды сауатты ұйымдастыру оқу процесіндегі ең қиын міндеттердің бірі. Ал оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін сабақтарға пайдаланған кезде бұл міндет әлдеқайда қиындай түседі. Негізінен бұл «бағалау» терминінің түпкі төркініне көп мән бере білмейміз. Біз бағаны оқушы білімінің көрсеткіші деп қараймыз. Алайда, бұл бағаның шынайылығы күмәнді. Себебі, біз кейде бағаны кейде көтермелеп қойсақ, кейде төмендетіп қоямыз. Басында үшке оқыған оқушыға «үш», төрт пен беске оқыған оқушы «жақсы» және «үздік» болып соңына дейін бағаланатыны белгілі. Бұндай бағалау баланың білім деңгейін нақты да шынайы көрсете алмайды. Критериалды бағалау мұғалімге сапалы нәтиже ауды

қамтамасыз ететін критерийлерді құруға, өз жұмысын талдау және жоспарлау үшін ақпарат алуға, оқу үдерісінің сапасын жақсартуға, әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отыруға, бағалаудың әр түрлі тәсілдері мен құралдарын қолдануға мүмкіндік береді. Мұғалімнің мұндағы рөлі әр сабақтың күтілетін нәтижесіне қарай алдын-ала сын тұрғысынан ойлана отырып, дұрыс бағыт пен интербелсенді әдістерді оқушының жас ерекшелігіне және қабілетіне қарай дайындалуында. Қорыта келе критериалды бағалау жүйесін қолдануда біз оқушының тұлғалық бағытын белсенді позицияға бағыттап, өзіндік жауапкершілікке, нәтижеге жеткізумен бірге білім алушылардың дайындық деңгейі мен өсу динамикасын, оқушының еңбегін кез-келген кезеңде анықтай аламыз. Критериалды бағалау әдістемесі бойынша жұмыс нәтижесі оқушы күйзелісінің төмендеуіне, өзін-өзі бағалау, талдау дағдыларының қалыптасуына көмектеседі

Қолданылған деректер тізімі

1. Абекова Ж. А., Оралбаев А. Б., Бердалиева М., Избасарова Ж. К. Технология критериального оценивания, методика ее применения в учебном процессе // Международный журнал экспериментального образования. — 2016. — № 2-2. — С. 215-218.

2. Шербаева А. Ш. Критериалды бағалау жүйесін енгізудегі бағалау критерийлерін құрастыру: мектеп мұғалімдеріне арналған әдістемелік нұсқаулық. — Қарағанды, 2018. — 35 б.

3. Алтынбекова, У. Ж. Критериалды бағалау оқу мен оқытудың қайнар көзі ретінде / У. Ж. Алтынбекова. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2020. — № 8 (298). — С. 324-326. — URL: <https://moluch.ru/archive/298/67682/> (дата обращения: 11.05.2024). http://go.mail.ru/redirect?via_page=1&type=sr&redirect=eJzLKCKpsNLXz0jNycxPL0osyNArKtVPzCmpzNNNTEnMZWAwNDW2NDc3sDQyZrj79N8_S7487a_nqyPM7hopAgCOxhZR

http://go.mail.ru/redirect?via_page=1&type=sr&redirect=eJzLKCKpsNLXz87My69KLCvSy8xLy9fPzE1MTy1JSSxJ1FV1MVC1NACRTk6qLoaqFkZg0gks4oIsbQImIWxnvYySXAYGQ1NjS3NzQ2MLY4abSc8Zhddo3Wi0fMxy5VJHNAAtliKy

http://go.mail.ru/redirect?via_page=1&type=sr&redirect=eJzLKCKpsNLXL8jIL8nXrcooLcpLzNErKtUvTtQtSSzSTcwpqczTTUxJzNVnYDA0NbY0Nzc0NzJiMG3d9P7Q3cvSKarXqu3bFdkBjOUZQA

М.ЖҰМАБАЙДЫҢ «ПЕДАГОГИКА» ЕҢБЕГІНДЕГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

**Ыбырай Гүлжаухар Құлахметқызы
Астана қаласы, № 63 мектеп-гимназиясы**

Адам баласы өркениеті тарихында тіл бен жазудың пайда болғанынан кейіндегі орында кітап шығару ісі тұр. Көрнекті ғұлама ғалымдардың, танымал ойшылдардың, оқыған қауымның қайсысын алсақ та, интеллектуалды серпілістің бастау көзі есебінде кітапты айтатыны белгілі. XX ғасыр басында білімі, интеллектуалды қарым-қабілеті жаһан оқымыстыларымен тең қазақ оқығандары халықты сауаттандыру ісімен мәселесімен айналыса бастады. Олар қазақ халқын сауаттандыру ісін қолға алып, кітап, газет шығарды. Мерзімді баспасөздерде оқудың маңызын, қазақтың артта қалмай, өркениетті елдер қатарына қосылуын қалады. Ахмет Байтұрсынұлының 1913 жылы «Қазақ» газетінде жарық көрген «Оқу жайы» атты мақаласында оқу-білімнің қажеттігін: «Бұл күнде оқудың керек екеніне ешкімнің таласы жоқ. Қай жұрт болса да оқумен ілгері басып тұрғандығын, кейін қалудың себебі оқудың кемдігінен екенін көріп тұрамыз. Оқусыз халық қанша бай болса да, біраз жылдан кейін оның байлығы өнерлі халықтардың қолына көшпекші» деп анықтаған.

Қазақтың педогогикасының іргетасын қалағандардың бірі — М.Жұмабай. Ол өз еңбектерінде қазақ педагогикасының дара, өзіндік нақышы бар, бүлдіршін тәрбиесінде ұлттық қағидалардың жетекші орын алатындығын көрсетті. Мағжан ұлттың ұлт, мемлекеттің мемлекет болып қалыптасуы үшін ең бірінші қажеті ұлт тілі мен ұлт мектебі екендігін айтқан. XX ғасырдың 20 жылдары жазылған жұмыс болса дағы, қазіргі білім беру жүйесіне, баланы оқыту, баулу ісінде өзекті тақырыптарды қозғайды. Мағжан 1920-1930 жылдар аралығында педагогика саласында: «Бастауыш мектепте ана тілі», «Бастауыш мектепте ана тілін оқыту жолы», «Педагогика», «Жазылашақ оқу құралдары һәм мектебіміз», «Бала тәрбиелеу жолдары», «Сауатты бол» оқу-әдістемелік кітаптар

жазған. Әсіресе 1922 жылы жазылған «Педагогика» еңбегі Қазақ елі үшін ғана емес Орталық Азия үшін үлкен жаңалық болып есептелді. Алайда, репрессияға ұшырап, «халық жауы» атанған соң, Мағжанның аты аталмай қалған. Қазіргі кезде Мағжанның «Педагогика» еңбегі жан жақты зерттеліп келе жатыр. Мағжанға соңғы жылдары ақын ретінде ғана емес, ұстаз ретінде де ерекше көңіл бөліне басталды. Оның педагогикалық қызметі заманауи білім беру жүйесінде сұранысқа ие.

1917 жылы Орынбор қаласында 5-13 желтоқсан күндері Екінші жалпықазақ сиезі өтті. Сиезде он мәселе көтерілген болатын. Көтерілген мәселелер ішіндегі маңыздыларының бірі- Оқу мәселесі еді. Сиезде Міржақып Дулатұлы баяндама оқып, алдымен қазақ тілінде бастауыш һәм орта мектепте оқытатын оқу құралдарын әзірлеу үшін оқыған адамдардан айырықша комиссия құруды ұсынды. Оқу комиссиясына: Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабай, Елдес Омарұлы, Биахмет Сәрсенұлы, Телжан Шонанұлы сынды тұлғалар сайланды [1]. Комиссияға бірқатар маңызды істер тапсырылды. Оның ішінде: ұлт мектептеріне бағдарлама жасау, оқытушыларға арнап кітап жазу, тәрбие жайынан кітап дайындау, оқу ісін жүргізу туралы жоба шығару сынды ұлттық оқу-ағартуға қатысты айрықша жұмыс жүктелді. 1921 жылыдың 31 қаңтарында Орынборда Ахмет Байтұрсынұлы бас-таған бір топ қазақ оқығандары бас қосып, жиын өткізеді. Олардың қатарында Әлихан Бөкей-хан, Жүсіпбек Аймауытұлы, Фай-золла Ғалымжанұлы, Биах-мет Сәрсенұлы, Елдес Омарұлы, Хай-ретдин Болғанбай, Сма-ғұл Сәдуақасұлы, Сәкен Сейфул-лаұлы, Сабыр Айтқожаұлы болды. Күн тәртібіндегі негізгі мәселе – қазақ тілінде оқулық әзірлеу еді. Жиналыс соңында 19 бапты қаулы қабылданып, мектепке қажетті 14 оқулық дайындау туралы шешім шығарылады. 14 оқулықтың 3 оқулығын дайындау жұмысы Мағжан Жұмабайға жүктелген болатын. Мағжанға тапсырылған 3 оқулық: Тәрбие ғылымы (Педаго-гика), Қазақ-қырғыз тарихы, Әдебиет ғылымы («Теория словесности») [2].

Қазақ зиялылары оқу ісін қолға алудағы негізі -мектепті ұйымдастыру мәселесі. Мектепті ұйымдастыру үшін керектердің қатарында бірінші кезекте, «білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім. Екінші, оқыту ісіне керек құралдар қолайлы һәм сайлы болуы. Үшінші, мектепке керегі белгіленген программа» еді [3]. Мағжан Жұмабайдың педагогика еңбегі «білімді, педагогика, методикадан хабардан, оқыта білетін мұғалім» қалыптастыру жолындағы таптырмас еңбек. Көп дүниелерді еуропалық педагог-ғалымдардан алғанын айта отыра, дегенмен, тура аударма емес екенін де ескертеді. Қазақы танымға келтіріп, баланы тәрбиелеудің, оқытудың дұрыс жолын ұсынады. Бұл туралы «Педагогика» кітабындағы алғы сөзінде М.Жұмабай: «Алдыма бір кітапты жайып қойып, бұрылмастан көшіре бергенім жоқ. Тәрбие ғалымдарының пікірлерін таңдап алуға ұмтылдым. Шамам келгенше қазақ жанына қабыстыруға тырыстым.», – дейді [4, 9-10 б.] Автор көрсеткендей, А.Рубенштейн, Скворцов, Смирнов т.б. ғалымдардың еңбектерін ой елегінен өткізіп, қазақ халқының тұрмысына, ұлттық ерекшелігіне жақындастырды.

Мағжан ұлттық педагогиканы психологиямен қоса оқытуды мәселесіне баса назар аударады. Пәндерді оқытуда қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерін ескеру, оны сабақта пайдалану, дамыта оқыту, бала қиялын өсіру, өздік ойлау үрдісін жетілдіруге ерекше назар аударды. Мағжан тәрбиені кең мағыналы ұғым деп қараған. Мұнда ол тек Еуропалық тәрбие ғылымына еліктемей, Шығыс елдерінің тәрбие ғылымдарын қазақ халқының тәрбие туралы ой-пікірімен тоғыстырды. Алаш оқығандары Жапонияны үлгі қылғаны бәрімізге мәлім. Қазірде Жапондар бала тәрбиесінде ұлттық тағылымды бірінші орынға қояды. «Әр тәрбиешінің қолданатын жолы - ұлт тәрбиесі. Әрбір ұлттың бала тәрбие қылу туралы ескіден келе жатқан жеке жолы бар. ...Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті. Ұлт тәрбиесінің жақсылық жағы көп болғаны сықылды жамандық жағы да көп», - дей отырып, тәрбиеші-педагогтар түрлі заманда шыққан тәрбие ғалымдарының ойлары-мен жақсы таныс болуы керек», - деп жазады [5].

М.Жұмабай баланы ойлаңдыра отырып оқыту, салыстыру арқылы баланың ойлауын дамыту, пән аралық байланыс, ең бастысы баланы болашаққа лайық етіп, ғылымның соңғы жетістіктерінің негізінде оқыту жайында сөз етеді. Ол— бүгінгі күннің ең өзекті мәселелерінің бірі. Мағжан тәрбие түрлерінің ішінен ақыл, дене, сұлулық және құлық тәрбиелеріне назар аударып, әрқайсысына кеңірек талдаулар жасап, оларды жеке-жеке қарастырады. Ол туралы кітабында: «Тәрбие төрт түрлі: дене тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, сұлулық тәрбиесі һәм құлық тәрбиесі. Егерде адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны. Балам адам болсын деген ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын», -дейді [4, 14 б.]. Еңбегінде дене тәрбиесінің бала өмірінде алатын орнын ерекше бағалап, ата-анаға дүниеге келген баланы тәрбиелеудің жолдарын көрсетеді. Баланың туғанынан бастап жасына сай дене тәрбиесі қалай керілетінін баяндаған.

Мағжан Жұмабайдың еңбегінде көтерілген өзекті мәселердің бірі- бала тәрбиелеуде

баланы қорқытпау, жазаламау, ұрып-соқпау мәселесі. Бұл туралы : «Алдымен баланы ешбір уақыт қорқытпау керек. Бөки келеді, жалмауыз кемпір келеді, пері, жын, шайтан, албасты, обыр келеді деген сықылды сөздермен баланы қорқыту қып-қызыл зиян. Мұндай сөздерді, ертегілерді, әңгімелерді естіп өскен бала өмір бойы су жүрек, қорқақ болады. Жасында қорқытып үйренбеген бала өскенде ер болады», - дейді [4, 125 б.]. Сөзінің жалғасында баланы жазамен қорқыту еш дұрыс емес екенін, жазамен қорқытқанда бала нәрсені өз ықыласымен орындамайтынын жеткізеді. Ал бұл жағдай балаға өтірік айтуға, алдауға үйретеді. Әрі баланы тәрбиелі болуы үшін оны ұрып-соғу да «адашылыққа ұнамайтын іс» екенін айтады, бұнын келешекте қандай үлкен зардаптар туғызуы мүмкін деп ескертеді. Ол: «Ұрылып, соғылып тәрбие қылынған бала жанының бар жақсы мінездерінен, ақылынан, есінен айрылып, миғұла болады», - дейді [4, 128 б.]. Бұл сөзімен ол өзі өмір сүріп жатқан заманның ата-аналарына, әсіресе молдаларды қатты сынайды. Қазіргі күні бала тәрбиелеуде қорқыту, жазалау, ұрып-соғуды қолданып жатқан ата-ана, тәрбиешілер жоқ емес. Бұл баланың тұйық болуына, өзіне сенімсіздігіне бастау болады. Сондықтан бұл мәселе бала тәрбиесіндегі маңызды, өзекті мәселе. Баланы ұрмау, ұрыспай тәрбиелеу баланы тізгінсіз, сөз алмайтын қылып шығарады деу қателік. Бала жаман істен өзі қашып, жиренетін болып өсуі керек. Яғни, ол жаман істі бала түйсігімен қате екенін біліп өсуі керек. Баланы ұрмай, ұрыспай өсіру баланы еркіне жіберу деп түсіну қателік. Бұл жайында да Мағжан сөз қылып, баланы ұрыспай тәрбиелесе де, оны темірдей тәртіпке үйрету қажет екенін айтады. Ол туралы: «Баланы құбылмайтын, ұсақтықпен қажытпайтын темір тәртіпке (дисциплина) бағындыру керек. Баланы еркіне жіберу оны ерлікке, батырлыққа үйретсе, темір тәртіпке бағындыру оны шыдамдылыққа, табандылыққа үйретеді», - дейді [4, 151 б.]. Жоғарыда айтқан баланы қорқыныш сезімсіз өсіру мен тәртіпке бағындыру хақында : «Баланы тіпті еркіне жібермеу оны жасқаншақ, жасық, қорқақ қылады. Ал тіпті тізгінсіз қоя беру, ләм-мим демей, оның бар еркелігін орындай беру баланы бейбастақ, ессіз тентек қылып шығарады», - дейді [4, 152-153 б.]. Білім беру саласында қазақ зиялылары Жапонияны үлгі тұтқаны белгілі. Жапонияның білім беру ісінде бала қатаң тәртіпке бағынады. Ол баланың оқу, білімге бейжай қарамауына ықпал болады. Қазірде Жапония елінде сабаққа кешігу мәселесі мүлде болмайды. Бұл балалардың дисциплинаға бағынып өскенінен. Бұл тәртіп қазақ мектептерінде де өте қажет деп білеміз. Адамды орта тәрбиелейді. Баланың айналасындағы достары, жолдастары қандай болса бала оларға қарап өседі. Бұл жайында да Мағжан өз еңбегінде сөз етеді. Мағжан: «баланың ізгі құлықты болуы үшін оның маңайындағы адамдар, ата-ана, туған-туысқандары өздері ізгі құлықты болуға тиісті. Ұяда не көрсе, ұшқанда соны қылады. Және баланың бірге ойнайтын жолдастары да дұрыс, ізгі құлықты болсын. Балаға ересек адамнан өзіндей бала жақын. Бала өз құрбысына еліктегіш, өз құрбысының тілін алғыш, құлқына, мінезіне сенгіш келеді», - дей келе, баланың жанындағы балалардың құлықты болуы үшін не істеу керек деген сұраққа тоқталады [4, 139 б.].

Оқушылардың, шәкірттердің өтрлік айтуы, алдауы оларды белгілі бір тәртіпке қамап қоюынан болатын Мағжан өз еңбегінде тілге тиек етеді. Тәрбиеші мен баланың арасында сенбеушілік болмағаны дұрыс екенін айтады. «Бала тәрбиешіге мұңын тарқата алғандай, қуанышына ортақтаса алғандай, сырын шеше алғандай досым деп білсін», - дейді Мағжан.

Жоғарыда айтып өткендей Мағжан тәрбиені дене, сұлулық, құлық, ақыл тәрбиесі деп бөліп қарастырған. Баланың сұлулық тәрбиесі хақында сөз еткенде тазалық ұғымына тоқталады. Тазалықты тек үй іші, киім-кешегі, ыдыс-аяғы таза болу ғана емес, баланың маңайында жүрген адамдар да тәртіпті, ретті болу керек. Әсіресе, үйдегі ата-анасы таза сөйлеуі, ретті болу қажет екенін ескертеді. «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны істейді. Тазалыққа үйренген бала таза болады. Былыққа үйренген бала былық болады. Ас жеп отырып әжесі жалаңаш қолымен мұрнын сіңбіріп яки баланың нәжісін ұстап, қолын жөндеп шаймастан тағы асқа кіріссе, бала да осыны істейді. Кейбіреулердің былықтықты ырыс көруі надандықтың әбден асқынғандығы ғой. Баланың маңайындағы сөйленетін сөздер де әдепті, сұлу болуға тиісті. Былық сөздерді естіп өскен бала өмір бойы былық, былапыт тілді болады», дейді [4, 133 б.]. Бұны қазіргі ата-аналар ескеру тиіс. Баланың сұлулық тәрбиесінде бала сұлу сөздер, сұлу өлеңдер жаттауы керектігін, түрлі музыка құралдарының әуендерін тыңдауын, сурет салып, ән салып, музыка құралдарын ойнап үйренуі қажет. «Міне, осыларды естісе, баланың сұлулық сезімдері өркендейді», - дейді педагог-ғалым [4, 133 б.]. Мағжан Жұмабай «Педагогика» еңбегінің соңғы бөлімінде: «...Балалық шақта алынған әсер өмір бойы естен шықпайды. Балалықта ылғи жағымды әсер алса, адам өмір бойы шат көңілді. Балалықта жағымсыз әсер алса, қорлық, жоқшылық көрсе, адам өмір бойы қасіретке бейім болмақ...», «...Бала ылғи іске ұмтылады. Бала еліктемпаз. Еліктемейтін адам болмайды. ... Баланы өз күшіне өзін сендіріп үйрету керек. Қолыңнан түк келмейді дей берсең, бала жасқаншақ,

жасық болады. Балаға ылғи пайдалы іс беру керек», - деп айта келіп, «тәрбиеші қауымға бар күшін, бар білімін жұмсап жалықпай, шаршамай балаға үйрете беруі керек» деген тәрбиелік мәнді ой тастайды [5]. «Педагогика» оқулығының 1922 жылы тұңғыш басылуына берілген Молдағали Жолдыбайұлының рецензиясында: «Баласы мектеп көрмеген, жас баланы жүн-жұрқа орап, арқалап жүріп шешесі мал бағатын, жасы жеті-сегізге келген соң 10 сомнан пұлына жалданып балалары 14 сағаттан ас жоқ, су жоқ қой бағып, қой еміп жалақ болып жүретін адамның 90% алдында мал, үстінде үйі жоқ байлардың күні бітпес құлы болып жүретін; обыр патшаның теріс саясаты арқасында жер-суынан айырылып, надандықта шіріп, қара түнек, қараңғы тұманда көп заман басы айналып жаңа жарық бостандық дүниесіне аяқ басып қол-аяғы жаңа босанып «өңім бе, түсім бе?» деп мең-зең болып тұрған сорлы қазаққа «Педагогика» кітабы – Інжілдей, Мағжан азамат – Айса пайғамбардай болды», - дейді.

Міне, құндылығы жоғары Мағжан пікірлері «Педагогика» оқулығы арқасында ұрпақ тәрбиесін мақсат еткен әрбір келешек маман үшін таусылмас қосалқы білім азығын беретін құнды еңбек. Ол еңбекте баланың туылғаннан бастап даму барысында қолданылуы керек дене, ақыл, құлық, сұлулық тәрбиесі хақында жазылған. Бұл еңбекте бала, шәркірт тәрбиесінде әлі күнде дейінгі өзекті мәселелерді қозғалады. Мысалы: «ақыл көріністері», «іскерлікті күшейту жолдары», «ішкі сезім көріністері», «сыртқы сезім әсерлерін тәрбие қылу», «тәрбиеден мақсат», «ұлттық тәрбие» сынды өзекті тақырыптар оқытушылардың, тәрбиешілердің қызығушылығын тудыртады. Мағжанның «Педагогика» еңбегі жас ұстаздардың оқып-тануы, өзіне қажетті жерін алып, оқыту барысында тиімді пайдалануына өте құнды еңбек.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақ // 23 желтоқсан, -1917. №256
2. Қазақ тілі // 23 наурыз, -1921. №125
3. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Әліппелер мен мақалалар жинағы. – Алматы, 2013 Т.4.
4. Жұмабаев М., Педагогика - Алматы : Ана тілі, 1992. – 154 б. 9-10 бет
5. Аскарова, А. К. М. Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегінің тәрбиелік мәні - 2022. - № 1. - 16-18 б.



ҚҰНДЫЛЫҚҚА НЕГІЗДЕЛГЕН БІЛІМ: БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ ЖҮЙЕЛІ ТӘСІЛІ

Казиева Марал Кадикеновна,
Астана қаласы әкімдігінің
«Шейх Тәммим бен Хамад әл-Тәни атындағы
№85 мектеп-лицей» директоры

Аңдатпа

«Құндылыққа негізделген білім: білім сапасын арттырудың жүйелі тәсілі» атты мақалада құндылықтар мен білім беру жүйесінің байланысы қарастырылады. Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде сапаны арттырудың маңызды аспектілерінің бірі — білім беру процесінде тұлғалық құндылықтарды қалыптастыру. Мақалада құндылықтарға негізделген білім беру моделінің тиімділігі, оның оқушылардың тұлғалық дамуына, әлеуметтік жауапкершілігіне және шығармашылық қабілеттерін арттырудағы рөлі талданады. Автор білім беру жүйесінде құндылықтарды интеграциялау арқылы оқу процесінің сапасын қалай көтеруге болатынын зерттейді. Сондай-ақ, құндылыққа бағытталған әдіс-тәсілдер мен инновациялық тәжірибелер арқылы оқу үдерісін тиімді ұйымдастыру жолдары ұсынылады. Білім беру сапасын арттырудағы бұл жүйелі тәсіл оқушылардың жеке және қоғамдық дамуында оң әсерін тигізетіні көрсетілген.

Аннотация

В статье «Ценностное образование: системный подход к повышению качества

образования» рассматривается взаимосвязь ценностей и системы образовательного процесса. Одним из важнейших аспектов повышения качества в современной системе образования является формирование личностных ценностей в учебном процессе. В статье анализируется эффективность модели образования, основанной на ценностях, ее роль в развитии, социальной ответственности и повышении творческих способностей учащихся. Автор исследует пути повышения качества учебного процесса путем интеграции ценностей в систему образования. Кроме того, предлагает способы эффективной организации учебного процесса с помощью ценностно-ориентированных методов и инновационных практик. Показано, что этот системный подход к повышению качества образования оказывает положительное влияние на личностное и социальное развитие учащихся.

Annotation

The article «Value-based education: a systematic approach to improving the quality of education» examines the relationship between values and the education system. One of the most important aspects of quality improvement in the modern education system is the formation of personal values in the educational process. The article analyzes the effectiveness of the values-based education model, its role in personal development, social responsibility and enhancing students' creative abilities. The author explores how to improve the quality of the educational process by integrating values into the education system. It will also suggest ways to effectively organize the learning process using value-based methods and innovative practices. It is shown that this systematic approach to improving the quality of education has a positive impact on the personal and social development of students.

Білім беру жүйесіндегі басты міндет – оқушыларға сапалы білім берумен қатар, оқушы бойындағы жеке тұлға қабілетін қалыптастыру. Жеке тұлға қабілеті – құндылықтарға негізделген білім негізі. Осыған орай, оқушының тұлға ретінде жетілуі, білім, білік, құндылық, дағды тектес қабілеттерді меңгеруі мектебіміздің алғышарты.

Мектебіміз жалпы білім беретін мектеп стандарттарын және әлемдік білім беру жүйесін қарастыра отырып, Халықаралық Бакалавриат ұйымымен жұмыс жасап жатыр және оның бір дәлелі мемлекеттік мектептер арасында алғашқы «Халықаралық Бакалавриат мектебі» статусын алған мектептердің бірі болуымыз.

Ұйым мақсаты мемлекеттік талапқа сәйкес құндылықтарға негізделген білім беру мәнін қамтиды. Мектептің білім сапасын тек академиялық жетістіктермен ғана өлшемей, білім алушының өмірге дайындығымен, әлеуметтік және этикалық жауапкершілігімен тығыз байланысты етеді. Халықаралық Бакалавриат оқушы атрибуты, атап айтсақ, зерттеуші, білімді, қамқор, тіл табысқыш, ұстанымға берік, ойшыл, тәуекелшіл, үйлесімде дамушы, талдағыш, озық ойлы тұлға қабілеттерін қалыптастыруға жағдай жасайды. Ол оқушының құндылықтары, бейімделу қабілеті, саналы шешім қабылдауы және жаһандық қауымдастықта әрекет ете білуге дағдыландырады. Білім сапасын жақсарту үшін кешенді қадамдарды ұсынады.

